

Құрметті ата-аналар!

Коронавирустың таралуымен күрес шараларының күшейтілуі жағдайында 6 сәуірден бастап барлық мектептер төртінші тоқсанды қашықтықтан оқыту форматында оқытуды бастайды.

Қашықтықтан оқытуға көшу процесі бойынша гимназияда келесі іс-шаралар жүргізілуде:

1. Алдымен оқушылар мен мұғалімдердің қажетті құрылғылармен және интернетпен қамтамасыз етілуі мәселесі. Осы орайда сынып жетекшілері ата-аналар мен оқушылар арасында сауалнама жүргізді. Сауалнама нәтижесінде анықталған мәселелер қаламыздың білім бөлімімен бірлесе отырып шешілді.
2. Білім министрлігінің тапсырмасымен еліміздің үздік ұстаздары бейне сабақтар әзірледі. Ол сабақтар «Балапан», «Ел арна» телеарналарында арнайы сабақ кестесі бойынша беріледі.
3. Барлық сабақтардың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес болуы, түрлі әдістемелік, мультимедиялық материалдармен қамтылуы біз үшін өте маңызды. Гимназияның сабақ кестесі телесабақтар кестесіне сәйкес құрылып, гимназия сайтына орналастырылады. Пән мұғалімдері қазіргі уақытта оқу бағдарламаларына сәйкес сабақ жоспарларын құрастыруда.
4. Каникул уақытында гимназия мұғалімдері қашықтықтан оқытуға дайындалды. Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру үшін әдістемелік ұсыныстар, тиімді платформа қарастырылды. Сабаққа қажетті бейнематериалдар іздеп, презентациялар жасалды.
5. Қашықтықтан оқыту «Zoom», Google Classroom платформалары Bilimland сандық білім ресурстары арқылы жүзеге асырылады.
6. Қашықтықтан оқыту мен онлайн оқытудың айырмасын дұрыс түсінуіміз керек. Қашықтықтан оқыту – қырық минуттық сабақ емес. Бұл жерде басқа тәсілдер, басқа қағидалар. Сондықтан бұл сабақтардың ұзақтығы 10 минутты құрайды. Бұл сабақта түрлі әдістер қолданылады.

Жалпы қашықтықтан оқытуға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оқушылардың барлығы қажетті платформаға тіркеліп, мұғалімдер олармен кері байланыс жүргізді. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер, бәріміз бірігіп жұмыс істесек, қашықтықтан оқыту жүйесінің жұмысын сапалы деңгейде орындай аламыз деп сенемін.

Құрметті ата-аналар, қашықтықтан оқытуға байланысты сұрақтарыңыз туындаған жағдайда кез келген уақытта балаңыздың (қызыңыздың) сынып жетекшісіне хабарласуыңызға болады. Гимназия әкімшілігі, педагогикалық ұжымы және сынып жетекшілері кез келген уақытта сіздерді толғандырған сұрақтарға жауап беріп, кері байланыс жүргізуге әзір.

**КММ «№93 гимназия» директоры
Ахметова Аягуль Нурабаевна**

Гимназияның электронды мекенжайы:

www.gimnazia93.kar@mail.ru, sch93@kargoo.kz

Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасарлары:

Мұхамеджанова Балдырған Ханафьяновна- **87025030477**

Құсайынова Асель Қуанышовна- **87775128405**